

8D02304 – «Филология» білім беру бағдарламасы бойынша философия (PhD) докторы дәрежесін алу үшін дайындалған Хасанғалиева Бибигуль Кенесовнаның «Қазақ және ағылшын тілдеріндегі медицина (офтальмология) терминдерін когнитивтік-фреймдік зерттеу бағыты» атты тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің

ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе</p>	<p>Термин ғылым тілінің негізі деп санасақ, ғылым тілі ретінде қазақ тілінің қолданылу аясын кеңейту Қазақстан Республикасы тіл саясатының негізгі бағыттарының бірі. Мемлекеттік тілді ғылым тілі ретінде дамыту Қазақстан Республикасы тіл саясатын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында көзделген. Ел Президенті Қ.Тоқаевтың I Ұлттық Құрылтайда сөйлеген сөзінде қазақ тілінің ғылым тілі ретінде әлем тілдерінің ішінде орын алу маңыздылығын, сондай-ақ «Ана тілі» газетіне берген сұхбатында (3 қаңтар, 2025 ж.) қазақ тілін ғылыми салада дамыту қажеттігіне арнайы тоқталады. Сонымен бірге терминология жеке ғылыми сала ретінде қарқынды даму үстінде. Осы айтылғандарды ескерсек, диссертация тақырыбының ғылымның даму бағыттарына және еліміздегі мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі жағынан талаптарға толық жауап береді.</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған зерттеу жұмысына жатпайды.</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалмаған.</p>

		бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету); 2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету); 3) <u>диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.</u>	3) Диссертация тақырыбы Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына, соның ішінде «Елдің зияткерлік әлеуеті» бойынша «Гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер» бағытына (2.5 Лингвистика) сәйкес келеді.
2	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның <u>маңыздылығы ашылған/ашылмаған.</u>	Диссертациялық жұмыс қазақ тіл білімі саласына, соның ішінде қазақ терминологиясына елеулі үлес қосады деп санаймыз. Өйткені дәстүрлі терминтануды жұмыс жаңа көзқарастармен, әдіснамалық тұрғыда тың бағыттардың өріс алуымен толықтырады. Диссертациялық жұмыста қазақ терминологиясы үшін жаңа болып табылатын когнитивтік терминтану мәселелері, дүниенің ғылыми бейнесі, кәсіби тілдік тұлға, терминжасамдағы метафоралық үлгілер, фреймдік талдау көз аурулары (офтальмология) терминдік жүйесінің негізінде жан-жақты талданған. Қазақ және ағылшын тілдеріндегі көз аурулары терминдерін салғастыра отырып, олардың фреймдік репрезентациясын толық жеткізе алған. Жұмыстың мазмұны қазақ тіл білімі үшін маңызды және ол зерттеуде жақсы ашылған.
3	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	Диссертациялық жұмысты өзі жазу деңгейі жоғары деп санауға болады. Стилистикалық сауатты, тараулар мен тараушалар логикалық байланыста.
4	Ішкі бірлік	4.1 Диссертация өзектілігінің	Диссертацияда мазмұнның ішкі бірлік қағидасы жақсы

<p>принципі</p>	<p>негіздемесі: <u>1) негізделген;</u> 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.</p>	<p>сақталған. Тақырып өзектілігі <i>негізделген</i>. Дәстүрлі терминтанудың даму бағыттары саралана отырып, когнитивтік терминтанымның ұстанымдары айқындалады. Қазіргі тіл біліміндегі жаңа бағыттардың терминтану саласындағы маңыздылығы, теориялық және әдіснамалық жағынан тың үрдістермен толығуының себептері нақты баяндалады. Осы орайда ғылыми әдебиеттерге шолу жасай отырып, негізгі ұғымдардың арақатынасын айқындайды. Тілдік дереккөз ретінде алынған мысалдары, оларды талдау зерттеу жұмыстың әдіснамалық бағытына сай.</p>
	<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: <u>1) айқындайды;</u> 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды.</p>	<p>Диссертация мазмұны зерттеу тақырыбын толық <i>айқындайды</i>. Диссертация екі бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімде көз аурулары терминдерін когнитивтік-фреймдік тұрғыдан зерттеудің теориялық негіздері жан-жақты баяндалады. Қазірге дейінгі терминология саласының зерттелуі сөз бола отырып, жаңа бағыттардың медициналық терминдерді қарастырудағы ғылыми тиімділігі дәлелденеді. Термин ғылыми қарым-қатынас аясында қолданылатындықтан, тіл біліміндегі жаңа үрдістердің қатынастың осы саласындағы көрінісін білдіретін «дүниенің ғылыми бейнесі», «кәсіби тілдік тұлға», «когнитивтік-фреймдік талдау» т.т. негізгі ұғымдардың мазмұны айқындалады. Бұл ұғымдар қазақ терминологиясында енді-енді сөз бола бастағандықтан, диссертант жаңа үрдісті дәйекті түрде жұмыста баяндайды. Бұл бірінші бөлімдегі терминді қарастырудың когнитивтік тетіктері теориялық тұрғыдан ұтымды баяндалғандығын көрсетеді. Екінші бөлім қазақ және ағылшын тілдеріндегі көз аурулары терминдерін кешенді фреймдік талдауға арналған. Бөлімдегі ең бір маңызды тұс – фреймдік талдаудың үлгісінің берілуі, оның кезеңдерінің анықталуы, қазақ және ағылшын тілдеріндегі</p>

		көз аурулары терминдерінің берілген үлгіге сәйкес фреймдік сипаты, жеткізілуі. Бұл бөлімде тілдік мысалдар теориямен сенімді үйлестіріліп, тиянақты зерттелген.
	<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <p><u>1) сәйкес келеді;</u></p> <p>2) ішінара сәйкес келеді;</p> <p>3) сәйкес келмейді.</p>	<p>Диссертациялық жұмыста қойылған мақсат мен одан туындайтын міндеттер диссертация тақырыбына <i>сәйкес келеді</i>. Диссертант қазақ және ағылшын тілдеріндегі көз аурулары терминдерін когнитивтік-фреймдік тұрғыдан талдай отырып, кәсіби білімнің тілдік сипатқа (вербалдану) ие болуын айқындауды мақсат еткен. Көзделген мақсатты орындау үшін 7 міндетті шешу қажеттігін анықтаған.</p>
	<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:</p> <p><u>1) толық байланысқан;</u></p> <p>2) ішінара байланысқан;</p> <p>3) байланыс жоқ.</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың барлық бөлімдері мен құрылымы бір-бірімен логикалық <i>толық байланысқан</i>. Диссертация кіріспе мен қорытындыдан басқа негізгі екі бөлімнен тұрады. Әдебиет тізімі және диссертацияның ішінде көз аурулары терминдерінің қазақша-ағылшынша электронды түсіндірме сөздігіне сілтеме берілген (https://ophthalterm.kz). Зерттеу нысаны ретінде алынған қазақ және ағылшын тілдеріндегі көз аурулары терминдерінің когнитивтік-фреймдік теориялық-әдіснамалық негізі жан-жақты, салғастырмалы түрде толыққанды талданған.</p>
	<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <p><u>1) сыни талдау бар;</u></p> <p>2) талдау ішінара жүргізілген;</p> <p>3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген;</p> <p>4) талдау жоқ.</p>	<p>Автор термин мәселесінің лингвистикалық, пәнаралық зерттелуіне байланысты қалыптасқан ғылыми көзқарастарды талдай отырып, белгілі бір қорытындыларға келіп отырады. Зерттеу тақырыбына қатысты <i>сыни талдау</i> кездеседі. Өзіндік ұсыныстар қамтылған.</p>

5	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? <u>1) толығымен жаңа;</u> 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>Диссертация мазмұнында жаңашылдық қағидасы жақсы сақталған. Қазақ және ағылшын тілдеріндегі көз аурулары терминдік жүйесін когнитивтік-фреймдік негізде айқындау қазақ терминологиясы үшін жаңа бағыт. Ғылыми нәтижелер мен ережелердің жаңашылдық сипаты когнитивтік терминтанымның ұстанымдарын айқындаудан, дүниенің ғылыми бейнесі, кәсіби тілдік тұлға тәрізді осы саланың іргелі ұғымдарын анықтаудан, терминдерді фреймдік талдау үлгісін ұсынудан көрінеді. Автордың ғылыми-зерттеу жұмысы бойынша жасаған тұжырымдары мен талдаулары <i>толығымен жаңа.</i></p>
		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма? <u>1) толығымен жаңа;</u> 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>Диссертанттың зерттеу барысында тұжырымдаған қорытындылары <i>толығымен жаңа.</i> Әр бөлімнен соң тұжырым беріледі. Жұмыс соңында солардың бәрін жинақтап қорытынды ретінде ұсынады. Солардың негізгілерін атап өтсек:</p> <ul style="list-style-type: none"> - когнитивтік терминтанымның негізгі ұстанымдары айқындалады. Бұл өз кезегінде жалпы термин мәселесінде қалыптасқан көзқарастарды өзгертуге ықпал етті. Терминнің анықтамасын кеңейтті. Терминнің тілдік және тілден тыс табиғатын жете тануға көмектеседі. Кәсіби білімнің тілдік сипатқа (вербалдану) ие болу көрінісін неғұрлым нақты баяндауға мүмкіндік тудырды. Терминнің концептілік құрылым ретіндегі деңгейі мен сипатын нақтылай түседі. - когнитивтік терминтанымның негізгі ұғымдары айқындалады. Бұған диссертацияда сөз болған «дүниенің ғылыми бейнесі», «кәсіби тілдік тұлға», «когнитивтік-фреймдік талдау» тәрізді зерттеушінің негізгі ғылыми бағытының мән-мазмұнын ашатын терминдердің қарастырылуымен және оларға нақты анықтама берілуден

			<p>көрінеді.</p> <p>- медициналық терминология үшін когнитивтік-фреймдік кешенді талдау үлгісінің ұсынылуы. Ұсынылып қана қоймай оның төрт кезеңінің: 1) ұғымдық-фреймдік; 2) корпустық-терминологиялық; 3) анықтамалық; 4) салыстырмалы талдау кезеңдерінің ажыратылып, осы бойынша қазақ және ағылшын тілдеріндегі көз аурулары терминдерінің талдауға алынуы.</p> <p>- терминжасамдағы метафоралық үлгілеу үрдісінің сараланып, қазақ және ағылшын тілдеріндегі көз аурулары терминдерінің бұл бағыт бойынша жіктелуі. Автордың көз аурулары терминдеріне қатысты табиғи және антропоморфты метафоралық деп үлкен екі топқа бөле отырып, олардың өз ішінен жасалу семантикасына қарай ажыратып көрсетуі жасаған қорытындыларының толықтай жаңа екендігін білдіреді.</p>
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p><u>1) толығымен жаңа;</u> 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>Техникалық, технологиялық және экономикалық шешімдер диссертация тақырыбының қазіргі қазақстандық қоғамда термин мәселесінің өзекті сипат алуымен, мамандардың кәсіби құзіреттілігін дамытуда маңызды орын алатындығымен анықталады. Сонымен бірге диссертациялық жұмыста тақырыптың ғылыми-тәжірибелік маңызын ашатын түрлі суреттер, кестелер, сызбалар қолданылған. Диссертациялық жұмыстағы көрнекілік мамандардың, білім алушылардың кәсіби құзіреттілігін дамытуға бағытталған, <i>толығымен жаңа</i> деуге болады.</p>
6	Негізгі қорытындылардың негізділігі	<p>Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген/негізделмеген</u> (qualitative research (куолитатив</p>	<p>Диссертант жасаған қорытындылар ғылыми тұрғыдан дәйекті. Диссертациялық жұмыста қарастырылған барлық мәселелер шынайы түрде автор тарапынан тұжырымдалып, қазақ тіл білімі, соның ішінде терминологиялық ілімнің дамуына сай түйінделіп отырады. Тұжырымдалған</p>

		ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	қорытындылар тиісті дәлелдемелерге негізделеді.
7	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	<p>Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Ереже дәлелденді ме?</p> <p>1) <u>дәлелденді</u>;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді;</p> <p>5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) <u>жоқ</u>;</p> <p>3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) <u>жоқ</u>;</p> <p>3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) <u>тар</u>;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) <u>кең</u></p> <p>4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін</p>	<p>Қорғауға ұсынылған негізгі тұжырымдар түрлі талдаулар мен сипаттаулар арқылы дәлелденген.</p> <p>1. Термин ұғымының күрделілігі зерттеудің бірнеше ғылыми бағыттарын қалыптастырды. Теориялық, қолданбалы, типологиялық, салыстырмалы, функционалдық, семасиологиялық, ономасиологиялық, тарихи, элеуметтік, когнитивтік бағыттар қалыптасқан.</p> <p>7.1: дәлелденді;</p> <p>7.2: тривиалды емес;</p> <p>7.3: жаңа;</p> <p>7.4: қолдану деңгейі кең;</p> <p>7.5: Мақалаларда дәлелденеді.</p> <p>2. Когнитивтік терминтанымның негізгі ұстанымдары айқындалады. Бұл жалпы термин мәселесінде қалыптасқан көзқарастарды өзгертуге ықпал етті. Терминнің анықтамасын кеңейтті. Тілдік таңба мен менталды құрылымдардың арасындағы байланысты анықтаудың жаңа ұстанымын белгіледі. Кәсіби білімнің тілдік сипатқа (вербалдану) ие болу көрінісін неғұрлым нақты баяндауға мүмкіндік тудырды. Терминнің қызметін, оның үнемі даму үстіндегі құрылым екендігін айқындады. Терминнің концептілік құрылым ретіндегі деңгейі мен сипатын нақтылады.</p> <p>7.1: дәлелденді;</p> <p>7.2: тривиалды емес;</p> <p>7.3: жаңа;</p> <p>7.4: қолдану деңгейі кең;</p> <p>7.5: Мақалаларда дәлелденеді.</p>

		<p>емес. 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) <u>ия</u>; 2) жоқ 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p>	<p>3. Дүниенің ғылыми бейнесі логикаға, тәжірибеге және теориялық үлгілерге сүйенеді. Кәсіби тілдік тұлға дегеніміз арнайы лексиканы меңгерген адам ғана емес, өз кәсібіннің тілдік, когнитивтік және коммуникативтік ерекшеліктерін білетін кәсіби дискурс тасымалдаушысы. 7.1: дәлелденді; 7.2: тривиалды емес; 7.3: жаңа; 7.4: қолдану деңгейі кең; 7.5: Мақалаларда дәлелденеді.</p> <p>4. Терминжасамдағы метафоралау тәсілі күрделі концептілерді түсінікті етіп, есте сақтауға көмектеседі. Терминжасамдағы метафоралау мен метонимиялаудың когнитивтік тетіктері ғылыми және кәсіби дискурстағы маман мен оның ойлау үдерісінің нәтижесінде тілде бұрыннан бар заттар мен құбылыстардың ұқсастығына, байланысына негізделе отырып, жаңа терминдер жасаумен анықталады. 7.1: дәлелденді; 7.2: тривиалды емес; 7.3: жаңа; 7.4: қолдану деңгейі кең; 7.5: Мақалаларда дәлелденеді.</p> <p>5. Медициналық дискурстағы көз аурулары терминдерін когнитивтік-фреймдік талдаудың 4 кезеңнен тұратын кешенді үлгісі ұсынылды: 1) ұғымдық-фреймдік талдау; 2) корпустық-терминологиялық; 3) анықтамалық; 4) салғастырмалы талдау. 7.1: дәлелденді; 7.2: тривиалды емес; 7.3: жаңа;</p>
--	--	--	---

			<p>7.4: қолдану деңгейі кең; 7.5: Мақалаларда дәлелденеді.</p> <p>6. Қазақ және ағылшын тілдері көз аурулары терминдері сөздіктеріндегі анықтамаларға ұғымдық компоненттер тән. Екі тілдегі ұғымдық компоненттер бір-бірімен толық сәйкес келмейді. Оның себебі офтальмологиялық білімдердің даму және қалыптасу тарихына, терминжасау тәсілдері мен терминжасам дәстүріне, аталған ғылым саласының зерттелу деңгейіне байланысты анықталады.</p> <p>7.1: дәлелденді; 7.2: тривиалды емес; 7.3: жаңа; 7.4: қолдану деңгейі кең; 7.5: Мақалаларда дәлелденеді.</p> <p>7. Қазақ және ағылшын тілдері көз аурулары терминжүйесіндегі табиғи метафоралық үлгі үшке жіктеледі: зооморфтық үлгі, ботаникалық үлгі, географиялық үлгі. Антропоморфты метафоралық үлгі екіге бөлінеді: элеуметтік үлгі және артефакт үлгі.</p> <p>7.1: дәлелденді; 7.2: тривиалды емес; 7.3: жаңа; 7.4: қолдану деңгейі кең; 7.5: Мақалаларда дәлелденеді.</p>
8	Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған: <u>1) ия;</u> 2) жоқ.	Диссертациялық жұмыста дәйектілік қағидасы сақталған. Дереккөздер мен тақырыпқа қатысты ғылыми әдебиеттер негізінен қамтылған. Зерттеу жұмысының әдіснамасы дұрыс негізделген және нақты. Қолданылған әдістер де негізгі әдіснама тұрғысынан өрбиді.

	дәйектілігі	<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) ия; 2) жоқ.</p>	<p>Иә. Диссертациялық жұмыста қазақ және ағылшын тілдеріндегі көз аурулары терминдерінің талдауға байланысты, олардың қызметін, қолданысын, формасын, құрамын, тектік-түрлік жіктеуге т.т. өлшемдерге қатысты деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелері қолданылған.</p>
		<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) ия; 2) жоқ.</p>	<p>Иә. Диссертациялық жұмыста теориялық қорытындылар, түрлі үлгілер, мәселелер арасындағы өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденеді және расталады.</p>
		<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <u>расталған</u> / ішінара расталған / расталмаған.</p>	<p>Диссертациялық жұмыста зерттеу тақырыбына қатысты дәйексөздер орнымен пайдаланылады. Кейбір автор тарапынан түйген қорытындылар нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтеме жасай отырып, расталады.</p>
		<p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз.</p>	<p>Пайдаланылған әдебиеттер тізімі ғылыми шолу жасауға жеткілікті.</p>
9	Практикалық құндылық	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы:</p>	<p>Диссертацияның теориялық маңызы бар. Жұмыста келтірілген теориялық пікірлер мен сыни талдаулар,</p>

	қағидаты	<p>1) <u>бар</u>;</p> <p>2) жок.</p>	<p>терминологиялық ілім бойынша жасалған тұжырымдар қазақ терминологиясының жаңа бағыты когнитивтік терминтанымды өзіндік теориялық көзқарастармен толықтырады, әдіснамалық бағытын айқындайды.</p>
		<p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) жок.</p>	<p>Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары. Зерттеу жұмысында талданған көз аурулары терминдері қазақша-ағылшынша сөздік құрастыруда, терминдердің жинақталған анықтамалары түсіндірме сөздіктер мен анықтамалықтар жасауда пайдалы. Терминді когнитивтік-фреймдік талдау үлгісі «Терминология», «Лексикология» пәндерінің практикалық сабақтарында пайдалануға көмегін тигізеді. Осы сала терминдеріне арналған сайт кәсіби мамандардың, болашақ көз дәрігерлерінің, терминолог ғалымдар мен ізденушілердің пікірталас алаңына айналып, қазақ тілінде көз аурулары терминдерінің қалыптасуына, оқулықтарының жазылуына ықпал етеді.</p>
		<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа</u>;</p> <p>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);</p> <p>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>Практикалық ұсыныстар толығымен жаңа. Ұсынылған когнитивтік-фреймдік кешенді талдау үлгісі «Қазақ терминологиясы», «Салғастырмалы терминология», «Кәсіби қазақ тілі» пәндерін оқыту сапасын арттыруға үлес қосады.</p>
10	Жазу және ресімдеу сапасы	<p>Академиялық жазу сапасы:</p> <p>1) <u>жоғары</u>;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) орташадан төмен;</p> <p>4) төмен.</p>	<p>Академиялық жазу деңгейі жоғары.</p>
11	Диссертацияға ескертулер		<p>1) Диссертациялық жұмыста кейбір қазақшасы қалыптасқан сөздер орысша жазылады, мысалы: <i>механизм – тетік</i> (...терминжасамдағы метафора мен метонимияның</p>

			<p>когнитивтік механизмдерін анықтау.., 8-б.);</p> <p>2) Диссертациялық жұмыс үшін түрлі кестелер, сызбалар оның құрылымдық дизайнын, мазмұнын арттыратыны сөзсіз. Сонымен бірге әр баяндауға кесте құра беру кейде артық тәрізді. Мысалы, диссертацияның 25-26, 29-30 беттеріндегі терминнің зерттелу жай-жапсарын әрі баяндап, әрі кесте арқылы беру біз үшін артық көрінеді. Оның орнына терминді танымдық тұрғыдан зерттеуге арналған ұстанымдарды (диссертацияның 32, 33 беттері) қарастырғанда айтылғандарды сызбамен беру кестеге сұранып тұрғандай тәрізді.</p> <p>Алайда аталған мәселелер жұмыстың концептуалды сипатына, идеялық мазмұнына еш нұқсан келтірмейді.</p>
12	<p>Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының</p>		<p>Диссертациялық жұмыстың негізгі мазмұны бойынша 7 мақала жарық көрген. Оның ішінде 2 мақала Scopus ғылыми деректер базасына кіретін журналда, 2 мақала ҚР Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда жарияланған. Бұдан бөлек халықаралық конференция жинақтарында 3 баяндама мәтіні жарияланады. Бұл басылымдар диссертация мазмұнын толық береді. Жарияланымдардың ғылыми деңгейі жоғары.</p>

	ғылыми деңгейін зерделейді)	
13	Ресми рецензенттің шешімі (осы үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)	«Қазақ және ағылшын тілдеріндегі медицина (офтальмология) терминдерін когнитивтік-фреймдік зерттеу бағыты» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы үшін Хасанғалиева Бибиғуль Кенесовна 8D02304 – «Филология» білім беру бағдарламасы бойынша философия (PhD) докторы дәрежесін алуға лайық деп санаймын.

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне Хасанғалиева Бибиғуль Кенесовнаға «8D02304 – Филология» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін беру туралы өтініш білдіремін.

Ресми рецензент:

**Назарбаев Университеті
Қазақ тілі және түркітану департаментінің
қауымдастырылған профессоры,
филология ғылымдарының докторы**

16.06.2025



Handwritten signature in blue ink.

С.Қ. Әлісжан

Ғылым дәрежесі.